

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 2 хаттамасы**

Түркістан қаласы

28.12.2025 ж.

Қатысқандар: PhD., аға оқытушы А. Тасова, аға оқытушы А.Арыстанбаева, п.ғ.к., аға оқытушы П.Искакова, аға оқытушы С.Паштанов, аға оқытушы Г.Ашықбаева, PhD., доцент А. Куралбаева, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Б. Ондыбаев, "Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжінің директоры А. Кенжалиев, докторант Г.Шынпейіс, магистрант Бану Ақтолқын Барзуқызы, білімгер Д.Молдаханова, кафедра ОПК.

Қатыспағандар -**Күн тіртібі:**

1. Қолданыстағы бакалавр және магистратура, докторантура ББ ішкі сараптаудан өткізу
2. Қараша-желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Академиялық комитеттің төрағасы А. Арыстанбаева сөз сөйлеп, мәселенің мәніне тоқталды. Ол «Педагогика және психология» даярлау бағыттары бойынша барлық қолданыстағы білім беру бағдарламалары ішкі сараптаудан өткізілгенін және олардың нормативтік талаптарға толық сәйкес әзірленгенін атап өтті.

Сонымен қатар, 6B01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының мазмұны қазіргі заман талаптарына сай екенін, өзектілігін жоғалтпағанын және қолданыста қалатынын жеткізді. Дегенмен, алдағы уақытта білім беру саласындағы заманауи өзгерістер мен жаңа тенденцияларды ескере отырып, бағдарламаны жаңғырту мүмкіндігін қарастыру ұсынылды.

Сондай-ақ, 7M01101 және 8D01101 – «Педагогика және психология» даярлау бағыттары бойынша магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу қажеттілігі жоқ екені айтылып, олардың қолданыста өзгеріссіз қалатыны хабарланды.

Комитет мүшесі П. Искакова сөз алып, «Педагогика және психология» даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны ішкі сараптау талаптарына сәйкес екенін атап өтті. Ол бағдарламалардың оқу нәтижелері мен пәндер мазмұны бірізділікте құрастырылғанын, қазіргі білім беру жүйесінің сұраныстарына жауап беретінін айтты. Сонымен қатар, болашақта білім алушылардың практикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында пәндердің мазмұнын кезең-кезеңімен жаңартып отырудың маңыздылығын ұсынды.

П. Искакова атқарылған жұмыстардың маңызын айта отырып, алдағы кезеңде комитет қызметін одан әрі жүйелеу, жоспарға енгізілген іс-шараларды сапалы орындау, білім беру бағдарламаларының жетілдірілуіне мониторинг жүргізу секілді міндеттердің өзектілігіне тоқталды.

Сонымен қатар, АҚ мүшелері арасында тығыз кәсіби байланыс орнатудың, өзара қолдау көрсетудің және ортақ мақсатқа бағытталған бірлескен жұмыстың маңызын ерекше атап өтті. Оның пікірінше, жоспарланған шаралар нақты жауапкершілікпен орындалған жағдайда, алда тұрған ауқымды міндеттердің барлығы тиімді жүзеге асады және комитет жұмысының нәтижелілігі арта түседі.

П. Искакова сөзін қорытындылай келе, АҚ құрамындағы әрбір маманның белсенділігі мен кәсіби ұстанымы комитеттің ортақ жетістігіне ықпал ететінін айтып, бірлесе еңбек етудің маңызды екенін жеткізді.

АК мүшесі Г. Ашықбаева сөз сөйлеп, «Педагогика және психология» даярлау бағыттары бойынша қолданыстағы білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы талаптарға сай екенін атап өтті. Сонымен қатар, алдағы уақытта білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында заманауи оқыту әдіс-тәсілдерін, цифрлық білім беру технологияларын және инновациялық педагогикалық тәсілдерді кеңінен енгізу қажеттігін айтты.

Ол білім алушылардың зерттеушілік, сыни ойлау және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістерін жаңарту, сондай-ақ пән мазмұнын еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіру жөнінде ұсыныстарын білдірді. Бұдан бөлек, халықаралық тәжірибені ескере отырып, пәндер мазмұнын кезең-кезеңімен жаңғыртудың маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларын жетілдіру барысында оқу нәтижелерін еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіру, практикалық және ғылыми-зерттеу компоненттерін күшейту, сондай-ақ заманауи педагогикалық технологияларды жүйелі түрде енгізу қажеттігі атап өтілді.

АК мүшесі С.Паштанов: Қараша–желтоқсан айларында жүзеге асырылған іс-шаралардың қорытындылары қарастырылып, олардың орындалу деңгейі қанағаттанарлық деп танылды. Өткізілген жұмыстардың сапасы мен мазмұны бойынша кешенді сараптама жасалып, барлық жоспарланған іс-шаралар белгіленген уақыт аралығында және көзделген міндеттерге сай өткізілгені анықталды.

Қараша айында басталған бастамалар өз нәтижесін беріп, жүргізілген жұмыстардың тиімділігі байқалды. Желтоқсан айында ұйымдастырылған іс-шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, Академиялық комитет мүшелері тарапынан оң бағаланды. Жалпы алғанда, атқарылған іс-шаралар жоспарланған мақсаттардың орындалуына ықпал етіп, өз маңыздылығын көрсетті.

Шешім:

1. Қолданыстағы бакалавр, магистратура және докторантура «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары өзектілігін сақтап, қолдануда өзгеріссіз қалсын.
2. Қараша–желтоқсан айларында атқарылған іс-шаралардың нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

Академиялық комитет төрағасы:
Хатшысы:




А.Арыстанбаева
С.Паштанов